


Хаттама__

«Балалар мен жастар арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу» тақырыбында өткізілген психологиялық кеңес беру жұмыстары

2021-2022 оқу жылының 17 қыркүйек күндері тәрбие бөліммен бірлестікте 5-11 сынып оқушыларының қауіпсіздік ережесі бойынша ZOOM платформасында онлайн форматта профилактикалық кеңес өткізілді. Мектеп оқушыларына «Қашықтан оқыту бойынша білім алушыларға психологиялық көмек, балалар арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу» тақырыбында психологиялық кеңес берілді. Оқушылар қашықтан оқыту жағдайында уақытты тиімді пайдалану және оқу режимі мен күн тәртібін сақтау, интернетте жұмыс істеу ережелері, интернет ресурстарын қолдану кезінде уақытты дұрыс қолдана білу, компьютер мен интернетті қауіпсіз пайдалану талаптары, таңертеңгі дене шынықтыру және сабақтардың арасында үзілістер кезінде сергіту сәті жаттығуларды орындау және қорғандың негізі ережелері туралы кеңестермен танысып өтті.

5-11 сынып оқушылары



№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА __

2021 жылғы 29 қыркүйек

Тақырыбы: «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту.

Қатысқандар: 10 класс оқушылары

2021 жылдың 29 қыркүйек күні 10 класс оқушыларына зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін түсіндіру мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында дәріс сабағы жүргізілді. Тренинг барысында оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу. Сабақ түсіндіру және пікіралысу әдісімен өтілді. Оқушылар өз ойларын ашық айтып, қоғамда болып жатқан мәселелерді талқылады.



Хаттама

Тақырыбы: «Өрмекші торы» жаттығуы

Мақсаты: Бұл тамаша жаттығу оқушылар арасындағы жақсы қатынастың дамуына ықпал жасайды. Кейбір балалар өзінің эмоцияларын еркін көрсете алады, ал бұл кейбіреулер үшін үлкен мәселе. Бұл ойында барлық қатысушылар осы маңызды дағдыны дамытудың шынайы мүмкіндігін алады. “Өрмекші торы” өзара қатынастың ахуалын жақсартады.

Өткізілген уақыты: 05.10.2021

Қатысқандар: 6 сынып оқушылар.



2021 жылдың қазан айының 5 күні 6 класс оқушыларының қарым-қатынасын нығайту мақсатында уақытында «Өрмекші торы» жаттығуы өткізілді.

Нұсқау: Барлықтарың ортақ шеңберге отыруларыңды өтінемін. Біз қазір бір-бірімізді біріктіретін үлкен бір түсті өрмекшінің торын құрамыз. Сонымен қатар әрқайсымыз жолдастарымызға деген мейірімді ойлар мен сезімдерді көрсете аламыз. Ойын барысында барлық оқушылар орамды алып шығуын мұқият қадағаланады.



«Өрмекшінің торы» өсіп толықтырылған соң, оны кері бағытта жинау тапсырылады. 2-ші кері бағытта шешу үшін сол ізбен оқушылардың бойында қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айып өрмекті жиюлары тиіс.

Хаттама

Тақырыбы: "СӨМКЕСІЗ БІР КҮН" акциясы

Мақсаты: оқушылардың танымдық, креативтілік қабілетін дамыту, әдемі көңіл күй сыйлау.

Қатысқандар: 6 класс оқушылары



6 класс оқушылары арасында "СӨМКЕСІЗ БІР КҮН" акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты оқушылардың танымдық, креативтілік қабілетін дамыту, әдемі көңіл күй сыйлау. Оқушылар қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытып, креативті идея ойлап тапқан оқушылар арнайы дипломдар мен қызықты сертификаттармен марапатталды.



№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА___

2021 жылғы 23 қараша

Тақырыбы: «Менің ішкі әлемім» тренинг

Қатысқандар: 8-9 қыз балалар

2021 жылдың 23 қараша күні Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталығының әдіскері Арайлым Амангельдиевна 8-9 класс қыз балалардың өз әлемін мейірімділік әлемімен байланыстыру, ізгілік сезімдер мен адамгершілік мінез-құлықтарын қалыптастыру, бойларында сенімділік пен тұрақтылық орнатуға бағыт бағдар, кеңес беру мақсатында «Менің ішкі әлемім» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді. Тренинг барысында қатысушылар түрлі психологиялық жаттығулар мен ойындарға қатысып, іс-шара сыйластық пен өзара түсінісушілік атмосферасында өтті. Оқушылар жағымды пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірді.



Хаттама

Тақырыбы: «QABILET» диагностикасы

Мақсаты: оқушылардың қабілеті мен жасырын дағдыларын ашу

Қатысқандар: 5-6 класс оқушылары



Әрбір оқушылардың қабілет деңгейін анықтау және оның машықарын одан әрі оқыту және дамыту мақсатында 10-11 жас аралығындағы 5-6 класс оқушыларынан "QABILET" диагностикасы өткізілді. «Qabilet» қызметі ата-аналарға балалардың қабілетті мен жасырын дағдыларын ашуға көмектеседі, сондай-ақ заманауи, жылдам дамып келе жатқан әлемде баланың даму траекториясын құруға көмектеседі.



№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА __

2021 жылғы 29 қараша

Тақырыбы: Интернет және біз

Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру.

Қатысқандар: 4 класс оқушылары



2021 жылдың 29 қараша күні "Жас психологтар" клубы мүшелері мектеп педагог-психолог А. Саинмен бірге 4-класс оқушыларына «Интернет және біз» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Ғаламтор – күнделікті ішетін ас секілді санамызға еніп барады. Қазақстан интернеттен бас тарта алмайды. Егер біз ғаламтордан жапа шегеміз деп әлемдік өркениеттен, тез мағлұмат алу мен байланыс құралынан бас тартатын болсақ біртіндеп құлдырай бермекпіз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», -деп қазақ халқы айтпақшы, ауырмайтын жолдарды жасап, монитор алдында күлгін сәулелерден қорғайтын қауіпсіздік ережелерін сақталық.



Мектеп – білім айдынындағы үлкен кеме. Осы кемеде әрбір бала он бір жыл уақыттын өткізеді. Киелі ордада әрдайым жұмыс қайнап жатады. Мұғалім қандай қиыншылықпен бетпе бет келсе де, шешімін әрдайым таба алады.

Оқушыларға ғаламтор желісінің пайдасы мен зияны туралы толық мәліметтер беріліп алдын алу шаралары жүргізілді.

№69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА __

2021 жылғы 29 қараша

Тақырыбы: Депрессия мен мазасызданудан қалай арылуға болады?

Мақсаты: оқушы бойынан депрессия мен мазасыздық белгілерінен арылуға көмектесу

Қатысқандар: 6 класс оқушылары

Жеткіншектерде кездесетін эмоционалдық үйлеспеушіліктің теориялық негіздерін талдау арқылы оның алдын алу және коррекциялаудың жолдарын анықтау. Оқушылар бойындағы депрессия мен мазасыздықтан арылуға көмектесу мақсатында «Жас психологтар» клубының мүшелері 6 класс оқушыларына «Депрессия және мазасызданудан қалай арылуға болады?» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Хаттама

Тақырыбы: “МЕРЕКЕ” ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Мақсаты: оқушыларға жағымды эмоционалды көңіл -күй сыйлау, достық қарым-қатынастарын дамыту.

Қатысқандар:6 класс оқушылары



2022 жылдың 23 ақпанында педагог - психолог Акмарал Ғабитқызы 6 сынып аралығында оқушыларға жағымды эмоционалды көңіл - күй сыйлау, достық қарым-қатынастарын дамыту мақсатында "МЕРЕКЕ" акциясын ұйымдастырды.



Хаттама

Тақырыбы: «Кактус» проективті әдістемесі

Мақсаты: баланың эмоционалдық жай- күйін, агрессияны анықтау.

Қатысқандар: 4 класс оқушылары



Ақпан айының 24 күні 4- класс оқушыларының эмоционалдық жай-күйін, агрессия деңгейін анықтау мақсатында “Кактус” әдістемесі өткізілді. Оқушылар тренингке белсенді қатысты.



Хаттама

Тақырыбы: “КАЛЕЙДОСКОП” ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Мақсаты: эмоционалды интеллектті мен эмпатияны дамыту

Қатысқандар: 4 класс оқушылары



24 ақпан күні 4 класс оқушылармен мектеп психологы "Эмоционалды Калейдоскоп" үлкен психологиялық ойынын өткізді.

Акция мақсаты: Балаларға эмоцияларды тануға, түсінуге үйрету, эмоционалды интеллектті дамыту, әртүрлі эмоцияларды білдіретін сөздер арқылы сөздік қорын белсендіру, бір-бірімен қарым-қатынас жасау қабілетін, эмпатияны дамыту

